

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 тамыз N 1017. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.21. N 108 қаулысымен. ~P000108

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар N 2828 U962828_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы" 1994 жылғы 8 тамыздағы N 886 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 16 тамыздағы
N 1017 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды
лицензиялаудың тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Осы Ереже мемлекеттің меншігіндегі және нақты мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілмеген пайдалы қазбаларды, оның ішінде техногенді минералды түзілімдерден, барлау және өндіру, өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және/немесе пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар беру тәртібін белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P980578_

2. Жер қойнауын барлауға және пайдалы қазбаларды өндіруге, оның ішінде мемлекет меншігіндегі және нақты мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілмеген техногенді минералды құрылымдардан өндіруге, өндірумен байланысты емес жерасты ғимараттарын салу мен пайдалануға беру лицензия және контракт негізінде жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

3. Жер қойнауын пайдаланушыға меншік (шаруашылық жүргізу, жедел басқару) құқығымен тиесілі техногендік минералды түзілімдерден пайдалы қазбалар өндіру-жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайды. Жер қойнауын пайдаланушыға немесе ол өзіне тиесілі техногенді минералды түзілімдерді сатқан немесе өзге тәсілмен берген тұлғаға лицензиялар беру " Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі (минералдық шикізаттарды қайта өңдеуге лицензия беру).

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

4. Рұқсат етілген қызметті жүзеге асыруға болатын, сондай-ақ мемлекет меншігіндегі техногенді құрылымдар лицензиялау объектілері болып табылады.

5. Лицензия (1-3-қосымшалар) белгілі бір шекте мемлекет меншігіндегі жер қойнауы учаскесін немесе техногенді минералды құрылымдарды аталған мақсатқа сәйкес белгіленген мерзім ішінде алдын ала ескерілген талаптар мен шарттарды сақтай отырып жер қойнауын пайдалану шартын айқындайтын контракт жасау арқылы иеленудің құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

6. Берілетін лицензия жер қойнауының бөлінген учаскесінде жер қойнауын пайдаланудың нақты бір түрін жүзеге асыруға деген лицензиаттың құқығын заңды түрде бекітеді.

Лицензия пайдалы қазбалардың тек лицензияда көрсетілген түрін барлау және/немесе өндіру құқын береді.

Лицензияда қамтылған түрлердің тізбесінде жоқ пайдалы

қазбалардың қорлары табылған жағдайда, оларды пайдаланудың тәртібі туралы мәселе аталған пайдалы қазбаларды тапқан адамның Лицензиялық органмен осы ережеде белгіленген тәртіппен келіссөздер жүргізуі арқылы шешіледі.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен.

P980578_

7. Жер қойнауын пайдаланудың түрлеріне сәйкес лицензиялар: барлау лицензиясы; өндіру лицензиясы; біріктірілген лицензия (барлау және өндіру); өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және/немесе пайдалану лицензиясы болып бөлінеді.

Егер заңдарда өзгеше көзделмесе, өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салу мен пайдалануға өндірумен байланысты ережелер қ о л д а н ы л а д ы .

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге, өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салуға және/немесе пайдалануға лицензия беруді жүзеге асыратын Лицензиялық орган болып табылады, кең таралған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсаттарда өндірудің лицензиялары бұған қосылмайды.

Жергілікті атқарушы органдар (облыстардың әкімдері) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге лицензиялар беретін Лицензиялық органдар болып табылады және лицензияларды дайындау, тіркеу және олардың шарттарының сақталуын бақылау жөніндегі жұмыс органдарын белгілейді.

9. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау жөніндегі жұмыс органы (бұдан әрі - Жұмыс органы) болып т а б ы л а д ы .

Жұмыс органы мониторинг пен жер қойнауын және жер қойнауын пайдалануды бақылау функцияларын тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне жер қойнауын пайдаланушыға берілген лицензиялардың бір данасын береді.

Жұмыс органы және әкім өтініштерді қарастыру үшін және лицензия шарттарын жасау үшін ведомствоаралық комиссия құрады, оның құрамына барлық мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері кіреді.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578

қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

10. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу құқығын беретін лицензия әдетте конкурс негізінде беріледі, инвестициялық бағдарламалар (б ұ д а н ә р і - к о н к у р с) .

Лицензияларды Лицензиялық немесе ол өкілеттік берген органмен (комиссиямен) келіссөздер негізінде беруге рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заң күші бар Жарлығы күшіне енгенге дейін контрактілік аумақты алып жатқан жер қойнауын пайдаланушыларға барлау және/немесе өндіру лицензияларды әдетте Жұмыс органымен келіссөздер негізінде беріледі.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578

қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

11. Конкурстар ашық немесе жабық болуы мүмкін және Лицензиялық орган немесе оның тапсыруы бойынша Жұмыс органы жариялайды.

Ашық конкурс туралы хабарландыру мен оны өткізудің шарттары бұқаралық ақпарат құралдарында (таралымы кемінде 15 000 дананы құрайтын) жариялануы, ал жабық конкурсқа қатысуға шақыру және оны өткізудің шарттары оның барлық мүмкін болатын қатысушыларының назарына ол өткізілетін күнге дейін 90 күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

Конкурсқа қатысушылардың саны екеуден кем болмауы тиіс. Егер

белгіленген конкурстық мерзімнің шегінде конкурсқа тек бір ғана өтінім қабылданған немесе, егер конкурсқа қатысушылар конкурс шарттарының техникалық, басқару, ұйымдастыру және қаржы мүмкіндіктері бойынша сәйкес келмейтін жағдайда, онда конкурс болмаған болып есептеледі. Конкурсқа қатысушылар тартқан зияндар өтелмейді.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578

қаулысымен.

P980578_

12. Конкурстарға қатысу құқығына деген өтініштерді қабылдауға конкурс өткізілетіні туралы хабарлама негіз болады, онда мыналар болуы керек:

өтетін уақыты және орны;

өтініш беру мерзімі;

конкурс өткізудің негізгі шарттары;

конкурсқа қойылатын жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) орналасқан жері және қысқаша сипаттамасы;

бюджет төлемдерінің бастапқы мөлшерлері (жалға алу ақысы, бонустар, роялти және т.б.);

геологиялық ақпараттар пакетінің құны;

Лицензиялық орган конкурсқа қатысу құқығы үшін белгілейтін жарна мөлшері.

13. Конкурсқа немесе келіссөздерге қатысу ниеті Жұмыс органына жіберілген өтінішпен расталуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен.

P980578_

14. Өтініштерді қабылдау және ресімдеу төмендегідей тәртіппен жүзеге асырылады:

өтініш беруші конкурсқа қатысу үшін белгіленген жарнаны төлегеннен кейін өтініштер қарауға қабылданады;

конкурсқа қатысу өтінішінің қабылданғаны туралы немесе келіссөздер өткізу жөніндегі қабылданған шешім туралы өтініш берушіге ресми түрде оның түскен күнінен бастап бір апта ішінде хабарланады;

жұмыс органы конкурсқа қатысуға деген өтініштерді қабылданғаннан кейін өтініш берушіге жер қойнауын пайдалану объектісі жөнінде геологиялық ақпарат пакеті сатып беріледі.

Пакетте жер қойнауын пайдалану объектісі бойынша геологиялық ақпараттар барлауды және/немесе өндіруді жүзеге асырудың жұмыс бағдарламасын және техникалық-экономикалық көрсеткіштерін әзірлеу үшін қажетті геологиялық, таукентехникалық, технологиялық және өзге ақпарат болуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P980578_

15. Конкурса қатысу немесе келіссөздерге қатысу өтінішінде мыналар болуға тиісті:

өтініш берушінің атауы, оның мекен-жайы, мемлекеттік меншікке қатысу (заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке адамдар үшін);

заңды тұлғалардың басшылары немесе иелері және лицензия алған кезде өтініш берушінің атынан сөйлейтін адамдар туралы мәліметтер;

өтініш берушінің қаржы ахуалы турады, техникалық, басқарушылық, ұйымдастырушылық және құжаттармен расталған қаржы мүмкіншіліктері туралы мәліметтер.

16. Өтініш беруші конкурс шарттарымен белгіленген немесе келіссөздер барысында айқындалған мерзімде лицензия алуға конкурстық ұсыныс жасайды.

Жұмыс органына түскен барлық конкурстық ұсыныстар конкурса қатысушыларға қайтарылмайды. Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған ұсыныстар конкурса қатысушыға ашылмастан қайтарылады.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ 2 абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P980578_

17. Келіссөздер негізінде берілетін лицензиялар алудың конкурстық ұсынысы оның түскен күнінен бастап үш ай ішінде қаралуға тиіс. Конкурстық ұсынысты қарау мерзімін Лицензиялық орган алты айға дейін ұзарта алады, ол туралы өтінім беруші жазбаша құлақтандырылады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ сөйлеммен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P980578_

18. Барлауға лицензия алудың конкурстық ұсынысында конкурстық негізде де, келіссөздер негізінде де мыналар болуға тиісті:

өтініш берушінің бұрынғы қызметі туралы ақпарат, соңғы 5 жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімімен бірге, өтініш берушінің қаржы мүмкіншіліктері туралы банк анықтамасы;

өтініш берушінің барлау жүргізудің шарттары туралы ниеттері, оның ішінде жұмыс бағдарламасы және оларды жүзеге асырудың шығындары;

өтініш берушінің қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысты ниеттері, оның ішінде контрактілік аумақтың жерлерін қайта қопсыту және қалпына келтіру; барлауды қаржыландыратын көздер көрсеткіші (өзінің немесе заем қаржылары);

инвестициялау бағдарламасын жүзеге асыруға керекті мерзім.

19. Конкурстық негізде немесе келіссөздер негізінде өндіруге лицензия алудың конкурстық ұсынысында осы Ереженің 18-тармағында белгіленген шарттармен қоса мыналар болуға тиіс:

барлау лицензиясы жайлы мәліметтер және оны пайдаланудың нәтижелері, егер ондайлар өтініш берушіде бар болса;

өндіруді бастаудың күтіліп отырған мерзімін және оның экономикалық және техникалық жағынан жетуге болатын ықтимал деңгейін;

өндірумен байланысты шығындар жөніндегі және пайдалы қазбаларды сатудан түсетін пайда жөніндегі болжамдардың есептері;

Қазақстан Республикасына түседі деп алдын ала болжамдалып отырған ақша түсімдерін және контрактілік аумақтық өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға салынатын капитал;

қазақстандық кадрлар дайындау жөніндегі міндеттемелері

20. Барлауға және өндіруге біріккен лицензия алу үшін конкурстық ұсыныста барлау лицензиясының және өндіруге лицензия алу құқығына конкурстық ұсыныс үшін белгіленген негізгі шарттарын алу құқығын деген конкурстық ұсыныстар үшін белгіленген шарттар болуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578

қаулысымен. Р 9 8 0 5 7 8 _

21. Конкурсқа және тікелей келіссөздерге қатысу құқығын беруден бас тарту төмендегі жағдайларда орын алуы мүмкін:

өтініш осы Ереженің талаптарын бұза отырып берілсе;

өтініш беруші теріс мәліметтер берсе;

өтініште өтініш беруші барлау және/немесе өндіру жұмыстарын жүргізуге қажетті техникалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және қаржы мүмкіншіліктеріне ие болғаны немесе ие болатыны туралы конкурсқа және/немесе конкурстық ұсынысқа қатысу жайлы өтініште көрсетілген құжаттама куәліктері жоқ болса.

22. Конкурстық ұсыныстарды сараптауды Жұмыс органының ұсынуы бойынша Лицензиялық орган құратын сараптық комиссия жүзеге асырады. Конкурстық ұсыныстарды сараптық бағалау мынадай өлшемдердің жиынтығының негізінде жүзеге асырылады:

барлау жүргізуді бастаудың мерзімі және қарқындылығы;

өндіруді бастаудың және оның экономикалық және техникалық жағынан мүмкін деңгейге, сондай-ақ пайдалы қазбаларды шығарудың мейлінше үлкен коэффициентіне жету мерзімі;

бюджет төлемдерінің болжамдалып отырған алғашқы, сондай-ақ кейінгі мөлшерлері;

инвестициялардың мөлшерлері, жобаны қаржыландырудың және контрактілік аумақтың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға күрделі салымдар салудың мерзімдері мен шарттары;

жер қойнауын қорғау және қоршаған табиғи ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау.

Жұмыс органы алынған конкурстық ұсыныстар бағасының қорытындысы бойынша оның жеңімпазын айқындау жөнінде ұсыным берілетін конкурстың нәтижелері туралы хаттама ресімдейді. Хаттама, оған қоса берілген конкурстық ұсыныстардың сараптық бағаларымен бірге ұсынылған материалдардың негізінде конкурстың жеңімпазы және лицензиялар беру туралы шешім қабылдайтын, Лицензиялық органға жолданады.

Жұмыс органы конкурстың жеңімпазына құлақтандыру жолдайды және жер қойнауын пайдалануға лицензия береді. Конкурстың нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында (таралымы кемінде 15 000 дананы құрайтын) жарияланады.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

23. Барлауға лицензия контрактілік аумақтың геологиялық және қажет болған жағдайда кен бөліністерінің қосымшасымен беріледі және онда мыналар болады:

лицензиат туралы мәліметтер;
контрактілік аумақтың шекарасын бұрыштама нүктелерінің координаттарымен бірге, оның ауданын тереңдігі бойынша шектеумен бірге, ол метрмен өлшенуі мүмкін, үстінен бастап саналатын, және/немесе белгілі геологиялық (литологиялық, жасына қарай, тектоникалық және т.б.) түйісуге байлануы мүмкін немесе ондайсыз;

лицензия күшінің сақталу мерзімі және жұмыс басталатын алғашқы күні;

контрактінің түрі және қол қою мерзімі;

ақшалай және заттай көріністегі жұмыстардың ең аз бағдарламасы;

контрактілік аумақтың қайтарылу мерзімі мен тәртібі;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі заңдарының талаптарын орындау жөніндегі жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері;

лицензия мерзімін ұзарту шарттары;
контракт жасау жөніндегі Құзыретті органның атауы.

24. Барлау лицензиясы алты жылға дейінгі мерзімге беріледі. Лицензиаттың жұмыс бағдарламасын орындаған және лицензия мен контрактіде көзделген өзге міндеттемелерді орындаған кезде лицензия мерзімін ұзартуға құқығы бар. Барлау лицензиясының күші негізделген жұмыс бағдарламасы ұсынылған жағдайда екі рет, әр кезеңнің ұзақтығы екі жылға ұзартылуы мүмкін.

Пайдалы қазба табылған кезде лицензиаттың коммерциялық байқауды бағалауға қажетті кезеңге лицензияны ұзартуға құқығы бар. Коммерциялық байқау болған жағдайда барлау лицензиясының талаптары орындалған жағдайда барлау лицензиясы иесінің өндіру лицензиясын алуға

ерекше құқығы бар болады.

25. Өндіруге лицензия кен бөліністерінің кен орнының пайдалы қазбаларының запасын мемлекеттік сараптаудың бағаларының қосымшасымен бірге беріледі және онда мыналар болады:

лицензиат туралы мәліметтер;
контрактілік территория шекараларының анықтамасын (23-тармақта белгіленген ережелерге сәйкес);
лицензия күшінің мерзімі және жұмыстың басталу күні;
контракті түрі және қол қою мерзімі;

жұмыс бағдарламасы;
лицензиатпен жобаға және контрактілік аумақтың өндірістік және элеуметтік инфрақұрылымын дамытуға салынатын инвестицияларының мөлшері туралы алдын ала шарттар;

жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі заңдардың талаптарын орындаудың шарттары;

лицензия мерзімін ұзартудың шарттары;

қазақстандық кадрларды оқытудың және пайдаланудың шарттары.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578

қаулысымен.

26. Өндіруді, барлауды және/немесе жүргізу үшін контрактілік аумақ шекараларында толық сипаттама және координаттық байлама болу керек. Жер қойнауы учаскесінің шекаралары мейлінше тығыз және мүмкін болғанынша тік сызықтармен шектелуге тиіс. Контрактілік аумақ шекараларынан тыс жерлерде кез келген әрекетке тыйым салынады.

Кен орнының географиялық шекарасы лицензияда көрсетілген келісім-шарттық аумақтан тысқары шыққан жағдайда, оны кеңейту туралы мәселе келісім-шарттық аумақты өзгерту немесе қолданылу мерзімі осы Ереженің 24 және 27-тармақтарына сәйкес айқындалатын қосымша лицензия беру жолымен шешіледі.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P980578_

27. Өндіру лицензиясы 25 жыл мерзімге беріледі. Қазып алынатын 3 қорлары 100 млн. т. мұнайдан немесе 100 млрд. м. газдан асатын кен орындарына - 40 жылға дейін.

Егер лицензиат Лицензиялық органға мерзімді ұзарту туралы

лицензия күшінің аяқталуынан 12 ай бұрын өтініш берген болса, өндіру және/немесе барлау лицензиясы ұзартылуы мүмкін. Лицензия мерзімін ұзарту туралы өтініш оның түскен күнінен бастап үш айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

Лицензия күшінің мерзімін ұзарту кезінде лицензиат лицензия беру үшін белгіленген алымды төлеуге тиіс.

Лицензия күшінің мерзімі оны Жұмыс органында тіркеген күннен бастап есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен.

P980578_

28. Біріктірілген лицензияда барлау лицензиясының барлық шарттары және, әдеттегідей, өндіру лицензиясының шарттары болуға тиіс.

29. Өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын салу және/немесе пайдалану лицензияларының мерзімдерін Лицензиялық орган жеке тәртіпте анықтайды.

30. Мемлекет меншігіндегі және нақты мемлекеттік кәсіпорындарға тіркелмеген техногенді минералдық құрылымдардан пайдалы қазбаларды өндіру жалпыға бірдей негіздерде лицензия мен контракт негізінде өтеді.

31.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ алынып тасталды, 32-53-тармақтар тиісінше 31-52-тармақтар болып есептелсін - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен.

P980578_

31. Лицензиялық органның лицензия күші мерзімін алты айға дейін мына жағдайларда тоқтатуға құқығы бар:

лицензиямен көзделмеген қызметті жүзеге асырған болса немесе лицензия шарттарын бұза отырып жүзеге асырса;

қызметті лицензия шегінде, бірақ контрактімен көзделмеген бағдарлама бойынша жүзеге асырса;

өз қызметін жүзеге асыру барысында үнемі немесе дөрекі түрде жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі бөліктерінде заңдарды бұзса.

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен.

P980578_

32. Лицензия күші мынадай жағдайларда тоқтатылады:

лицензияда көрсетілген мерзім аяқталса;
оны Лицензиялық орган қайтарып алса;

контракт бұзылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы лицензиядан туындайтын оның шарттарын орындамаған кезде, немесе контрактінің күші жо й ы л а д ы д е п т а б ы л с а ;
заңды тұлға жойылған жағдайда.

33. Егер лицензия алған заңды тұлға қатысушыларының белгілі құрамы лицензия берудің шарты болып табылса, қатысушылар құрамын Лицензиялық органның келісімінсіз өзгерту лицензия күшінің тоқтатылуына негіз болуы м ү м к і н .

Ондай шарт жоқ болса, азаматтық заңдармен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылған заңды тұлға қатысушыларының құрамын өзгерту, сондай-ақ атына лицензия берілген заңды тұлғаны қайта құру оның күшінің тоқтатылуына ә к е л м е й д і .

34. Егер атына лицензия берілген заңды тұлға сақталатын болса, лицензиядан туындайтын құқықтар мен міндеттер тапсыру балансы бойынша қайта құрылған заңды тұлғаға құқық иеленудің әмбебап тәртібінде ауысатын болса, атына лицензия берілген заңды тұлғаны қайта құрудың басқа түрлері кезінде оның күші т о қ т а т ы л м а й д ы .

35. 34 және 35 тармақтарына сәйкес көзделген жағдайларда, сондай-ақ заңды тұлға құрамын өзгертуге Лицензиялық органның келісімін алған кезде лицензия, оның алғашқы берілген күнін өзгертпей және лицензиатқа қосымша міндеттер жүктемей, тиісті түрде қайта ресімдеуге жатады.

36. Берілген лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдауға Жұмыс органының ұсынысы бойынша Лицензиялық органның мынадай жағдайларда қ ұ қ ы ғ ы б а р б о л а д ы :

лицензиат Лицензия күшін тоқтата тұру туралы шешімнің қабылдануын тудырған себептерді жоюдан бас тартқан болса, немесе бұл себептерді жою үшін жеткілікті мерзімде жоймаған болса;

контрактілер жасаудың мерзімдері туралы лицензия шарттарын бұзған болса, жер қойнауын пайдаланушының кінәсіз болған немесе қисынды себептермен туындаған жағдайлар бұған қосылмайды;

егер лицензияда өзге мерзім белгіленбесе, жер қойнауын пайдаланушы лицензия алғаннан кейінгі екі жыл ішінде барлау жүргізуге немесе өндіруге кіріспеген жағдайда немесе өндіруді кен орнының геологиялық мүмкіншіліктеріне сай келмейтін деңгейде жүргізген жағдайда және аталған олқылықтар Лицензиялық орган белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда.

ЕСКЕРТУ. 37-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578
қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

37. Лицензияны қайтарып алу контрактінің бұзылуына, егер ол жасалған болса, контрактінің мерзімінен бұрын бұзылуы, не оның жасалмауы келтірген шығындарды лицензиаттан төлетіп алуға әкеліп соғады.

38. Мынадай жағдайларда Лицензияның күші жоқ деп есептелінеді және оның күші тоқтатылады:

Лицензиялық органға осы тұлғаға лицензия беру туралы оның шешіміне ықпал еткен алдын ала белгілі теріс ақпарат берілгені туралы факт сот тәртібімен анықталған жағдайда;

инвестициялық бағдарлама конкурсына қатысып отырған лауазымды тұлғалар арасындағы ымыраласу, немесе лицензияны жеңген үміткермен лицензия алу жөнінде келіссөздер жүргізу арқылы, оған басқа үміткерлердің алдында заңсыз артықшылықтар беру, шарттарды ырықтандыру және бюджет төлемдерінің мөлшерін азайту арқылы лицензия берілгені туралы факті сот тәртібімен анықталған жағдайда.

39. Лицензия күшінің тоқтатылуына әкеліп соғуы мүмкін жағдайлар, анықталған кезде лицензиялау жөніндегі Жұмыс органы жер қойнауын пайдаланушыға осындай жағдайлардың орын алғаны туралы ескерту жіберуге тиіс, онда анықталған олқылықтардың сипаты, лицензия шарттарын бұзуды тудырған себептер жайлы жазбаша түсініктеме тапсырудың мерзімі және түсініктемені сараптау үшін жіберілетін орган көрсетіледі.

40. Жұмыс органы олқылықтарға әкелген себептерді қисынсыз деп тапса, Жұмыс органының ұсынуы бойынша Лицензиялық органның лицензия күшін тоқтата тұруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 41-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578
қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

41. Лицензияның күшін тоқтатылғаны туралы Жұмыс органы тоқтатуға әкелген себептерді және оларды жою үшін берілген мерзімдерді көрсете отырып, бекітілген нысандағы (7-қосымша) хабарламаны жіберу арқылы жер қойнауын пайдаланушыға хабарлайды.

42. Лицензия күшінің тоқтатылуы осы лицензия негізінде жасалған контракті күшінің тоқтатылуына әкеліп соғады.

ЕСКЕРТУ. 43-тармақтың 1 абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1998.07.22. N 578 қаулысымен. P980578_

43. Лицензия күшінің тоқтатылуына әкеліп соққан себептердің жойылғаны

туралы жер қойнауын пайдаланушы жазбаша түрде Жұмыс органына хабарлауға м і н д е т т і .

44. Лицензия күшінің тоқтатылуына әкеліп соққан себептер жойылғаннан кейін оның күші Лицензиялық органның тиісті шешім қабылдауы жолымен қалпына келтіріледі, ол туралы 10 күндік мерзімде жазбаша түрде лицензиатқа х а б а р л а н а д ы .

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578
қ а у л ы с ы м е н . Р 9 8 0 5 7 8 _

45. Лицензия күшінің тоқтатыла тұруы оның жалпы мерзімінің өзгеруіне ә к е л і п с о қ п а й д ы .

46. 38-тармақта көрсетілген фактілердің барлығын растайтын сот шешімінің немесе үкімінің заңды күшіне енуі Лицензияның күші жоқ деп мойындауға негіз болып табылады, ол берілген сәттен бастап лицензияның күші жоқ деп е с е п т е л і н е д і .

ЕСКЕРТУ. 47-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578
қ а у л ы с ы м е н . Р 9 8 0 5 7 8 _

47. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізу тоқтатылған немесе тоқтата тұрылған кезде жер қойнауын пайдаланушының барлық өндірістік объектілері тұрғындардың өмірі мен денсаулықтарының қауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортаның қорғалуын қамтамасыз ететін қалыпқа келтірілуге тиіс. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар тоқтата тұрылған кезде кен орны консервациялануға тиіс, яғни, ол жұмыстар тоқтатылған барлық уақыт ішінде кен орнының сақталуын қамтамасыз етуді білдіреді. Кен орны қабылдау-тапсыру акті бойынша өкілетті органмен қабылдануға тиіс.

48. Лицензияның иесі өзіне тиесілі лицензияны қайтаруға құқылы. Бұл ретте Жұмыс органы жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға барлық құжаттардың және өзге де жер қойнауы туралы ақпараттардың (жерлерге жүргізілген қайта өңдеулер, бұрғыларды, шахталарды және тау-кен үңгірлерін консервациялау және жою туралы ақпараттарды, маркшейдерлік ақпараттарды қоса алғанда) материалдық көздерінің берілгендігі, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының лицензияның шарттарын сақтауы фактілерін тексереді. Лицензия Жұмыс органы, ол жер қойнауын пайдаланушыдан лицензияның түпнұсқалық данасын алғаннан және лицензияның қайтарылуына байланысты барлық мәселелерді реттегеннен кейін, лицензия туралы тіркеу жазбасын жойған сәттен бастап қайтарылған болып есептеледі. Келісім-шарт жасасқан жағдайда - т а р а п т а р о н ы б ұ з а д ы .

Лицензиат, оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдың

ішінде лицензияны талап етпеген жағдайда, Жұмыс органы Лицензиялық органның аталған лицензияны беру туралы шешімінің күші жойылған деп тану туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

ЕСКЕРТУ. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 578 қаулысымен. P 9 8 0 5 7 8 _

49. Лицензияны қайтарып алу туралы шешімдердің көшірмелері жер қойнауын пайдалану жөніндегі бақылаушы органдарға және территория жағынан қарасты облыс әкімдеріне жіберіледі.

50. Жұмыс органы табиғатты қорғау және басқа бақылаушы органдармен бірлесе отырып, олардың құзыреттері шеңберінде Лицензиялық ережелердің және жер қойнауын пайдалану шарттарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

51. Лицензия иесі бақылау органдарына қажетті ақпаратты беруге, бақылау органдары құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беруге, тексеру өткізу үшін жағдайлар жасауға міндетті.

52. Тексеру нәтижелері, байқалған олқылықтар туралы, оның ішінде арнайы төлемдер мен салықтарды енгізуге қатысты, қолданылып жүрген стандарттардың (нормалардың, ережелердің) сақталуы туралы Бақылау органдары жазбаша түрде лицензия иесіне және лицензия берген

органдарға хабарлайды, ал қажет кезінде жұмыстарды тоқтата тұрады және лицензия күшін тоқтату немесе қайтарып алу туралы ұсыныстар жасайды.

Хабарлама талаптары белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда Лицензиялық органның лицензияны осы ережелермен белгіленген тәртіпте тоқтата тұруға немесе кері шақыртып алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 22 маусымдағы
N 578 қаулысына
1 қосымша

ЕСКЕРТУ. 1,2 және 3-қосымшалар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен.

ЕЛТАҢБА

Қазақстан Республикасында жер қойнауын
пайдалану құқығына
Лицензия

Қазақстан Республикасының Үкіметі _____

_____ (ұйымның атауы)

_____ (облысындағы, ауданындағы)

_____ барлауға берген

_____ (пайдалы қазбаның түрі және объектінің атауы)

1. Лицензиат туралы мәліметтер.

1.1. Орналасқан жері (заңды тұлға үшін), тұратын мекен-жайы
(жеке тұлға үшін) _____

1.2. Мемлекеттік тіркеуден өткен күні және нөмірі (заңды тұлға үшін), жеке басы куәлігінің деректері (жеке тұлға үшін): _____

1.3. Басшылар (заңды тұлға үшін) _____

2. Лицензияланған объектінің сипаттамасы

3. Жер қойнауының берілетін учаскесінің кеңістіктік шекаралары
(1-қосымша)

4. Лицензияның қолданылу мерзімі және жұмыстың басталатын күні

5. Келісім-шарттың түрі және қол қойылу мерзімі

6. Жұмыстың ең төменгі бағдарламасы

7. Келісім-шарттың аумақты қайтаруының шарттары мен тәртібі

8. Жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаны қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі заңдардың талаптарын орындау шарттары

9. Лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту шарттары

Қосымшалар: 1. Геологиялық жер бөлігі (1-қосымша)

2. Бұрыштық нүктелер координаты (2-қосымша)

3. Геологиялық жер бөлігінің орналасу картограммасы (3-қосымша)

" " _____ 199_ж. Сериясы ГКИ N ____

Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын
пайдалану құқығына лицензияға
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи
ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау
комитетінің минералдық ресурстар бас басқармасы
Геологиялық жер бөлігі

(ұйымның атауы)

(кен орнының атауы)

барлау үшін жер қойнауларын пайдалану құқығына берілді.

Геологиялық жер бөлігі _____

_____ орналасқан

(әкімшілікке бекітілуі)

және топографиялық жоспарда N _____ бастап

_____ N _____-ге дейін бұрыштық

(бұрыштық нүктелер тізбесі)

нүктелермен белгіленген

сондай-ақ тік кеніштерде _____

(барлаудың тереңдігі, көкжиегі)

Бұрыштық нүктенің координаттары сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын пайдалану құқығына Лицензияның 2-қосымшасында келтірілген.

2

Геологиялық жер бөлігінің алаңы _____ шаршы құрайды

Минералдық ресурстар

бас басқармасының бастығы

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензияға 2-қосымша

Бұрыштық нүктелердің координаттары

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензияға 3-қосымша

Тау-кен жер бөлігінің орналасу картограммасы

Масштабы _____

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 22 маусымдағы

N 578 қаулысына

ЕЛТАҢБА

Қазақстан Республикасында жер қойнауын
пайдалану құқығына
Лицензия

Қазақстан Республикасының Үкіметі _____

_____ (ұйымның атауы)

_____ (облысындағы, ауданындағы)

_____ өндіруге берген

_____ (пайдалы қазбаның түрі және объектінің атауы)

1. Лицензиат туралы мәліметтер.

1.1. Орналасқан жері (заңды тұлға үшін), тұратын мекен-жайы
(жеке тұлға үшін) _____

1.2. Мемлекеттік тіркеуден өткен күні және нөмірі (заңды тұлға үшін), жеке басы куәлігінің деректері (жеке тұлға үшін): _____

1.3. Басшылар (заңды тұлға үшін) _____

2. Лицензияланған объектінің сипаттамасы

3. Жер қойнауының берілетін учаскесінің кеңістік шекаралары
(1-қосымша)

4. Лицензияның қолданылу мерзімі және жұмыстың басталатын күні

5. Келісім-шарттың түрі және қол қойылу мерзімі

6. Жұмыстың бағдарламасы

7. Лицензиат жобаға салатын инвестициялардың мөлшерлері туралы алдын ала шарттар және келісім-шарттық аумақтың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту

8. Жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаны қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі заңдардың талаптарын орындау шарттары

9. Жергілікті жұмыс күшін пайдалану шарттары

10. Қазақстандық кадрларды оқыту шарттары

11. Лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту шарттары

- Қосымшалар: 1. Геологиялық жер бөлігі (1-қосымша)
2. Бұрыштық нүктелер координаты (2-қосымша)
3. Геологиялық жер бөлігінің орналасу картограммасы (3-қосымша)

" " _____ 199_ж. Сериясы ГКИ N ____

Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын

пайдалану құқығына лицензияға

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи
ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау
комитетінің минералдық ресурстар бас басқармасы
Геологиялық жер бөлігі

(ұйымның атауы)

(кен орнының атауы)

өндіру үшін жер қойнауларын пайдалану құқығына берілді.

Геологиялық жер бөлігі _____

_____орналасқан

(әкімшілікке бекітілуі)

және топографиялық жоспарда N _____ бастап

_____ N _____-ге дейін бұрыштық

(бұрыштық нүктелер тізбесі)

нүктелермен белгіленген

сондай-ақ тік кеніштерде _____

(барлаудың тереңдігі, көкжиегі)

Бұрыштық нүктенің координаттары сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын
пайдалану құқығына Лицензияның 2-қосымшасында келтірілген.

2

Геологиялық жер бөлігінің алаңы _____ шаршы құрайды

Минералдық ресурстар

бас басқармасының бастығы

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын
пайдалану құқығына берілген лицензияға
2-қосымша

Бұрыштық нүктелердің координаттары

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын
пайдалану құқығына берілген лицензияға
3-қосымша

Тау-кен жер бөлігінің орналасу картограммасы

Масштабы _____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 22 маусымдағы
N 578 қаулысына
3 қосымша

ЕЛТАҢБА

Қазақстан Республикасында жер қойнауын
пайдалану құқығына
Лицензия

Қазақстан Республикасының Үкіметі _____

(ұйымның атауы)

(облысындағы, ауданындағы)

(пайдалы қазбаның түрі және объектінің атауы)

_____ барлауға және өндіруге берген

1. Лицензиат туралы мәліметтер.

1.1. Орналасқан жері (заңды тұлға үшін), тұратын мекен-жайы
(жеке тұлға үшін) _____

1.2. Мемлекеттік тіркеуден өткен күні және нөмірі (заңды тұлға
үшін), жеке басы куәлігінің деректері (жеке тұлға үшін): _____

1.3. Басшылар (заңды тұлға үшін) _____

2. Лицензияланған объектінің сипаттамасы

3. Жер қойнауының берілетін учаскесінің кеңістік шекаралары
(1-қосымша)

4. Лицензияның қолданылу мерзімі және жұмыстың басталатын күні

5. Келісім-шарттың түрі және қол қойылу мерзімі

6. Жұмыстың ең төменгі бағдарламасы

7. Келісім-шарттың аумақты қайтаруының шарттары мен тәртібі

8. Лицензиат жобаға салатын инвестициялардың мөлшерлері туралы алдын ала шарттар және келісім-шарттық аумақтың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту

9. Жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаны қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі заңдардың талаптарын орындау шарттары

10. Жергілікті жұмыс күшін пайдалану шарттары

11. Қазақстандық кадрларды оқыту шарттары

12. Лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту шарттары

- Қосымшалар: 1. Геологиялық жер бөлігі (1-қосымша)
2. Бұрыштық нүктелер координаты (2-қосымша)
3. Геологиялық жер бөлігінің орналасу
картограммасы (3-қосымша)

" " _____ 199_ж. Сериясы ГКИ N ____

Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Сериясы ГКИ N _____ жер қойнауын
пайдалану құқығына лицензияға
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи
ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау
комитетінің минералдық ресурстар бас басқармасы
Геологиялық жер бөлігі

(ұйымның атауы)

(кен орнының атауы)

өндіру үшін жер қойнауларын пайдалану құқығына берілді.

Геологиялық жер бөлігі _____

_____ орналасқан

(әкімшілікке бекітілуі)

және топографиялық жоспарда N _____ бастап

_____ N _____-ге дейін бұрыштық

(бұрыштық нүктелер тізбесі)

нүктелермен белгіленген

сондай-ақ тік кеніштерде _____

(барлаудың тереңдігі, көкжиегі)

Бұрыштық нүктенің координаттары сериясы ГКИ N ____ жер қойнауын пайдалану құқығына Лицензияның 2-қосымшасында келтірілген.

2

Геологиялық жер бөлігінің алаңы _____ шаршы құрайды

Минералдық ресурстар
бас басқармасының бастығы

Сериясы ГКИ N ____ жер қойнауын
пайдалану құқығына берілген лицензияға
2-қосымша

Бұрыштық нүктелердің координаттары

Сериясы ГКИ N ____ жер қойнауын
пайдалану құқығына берілген лицензияға
3-қосымша

Тау-кен жер бөлігінің орналасу картограммасы

Масштабы _____

4 Қосымша

Қазақстан Республикасының
Геология және жер қойнауын қорғау
министрлігі

_____ облысының _____
ауданында орналасқан _____

(кен орнының атауы немесе контрактілік аумақтың

сипаттамасы)

(пайдалы қазбаның түрі)

барлау (барлау және өндіру) үшін жер қойнауын пайдалануға құқық беретін лицензия алуға.

ӨТІНІШ

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

кәсіпорын атауы;

реквизиттері;

мекен-жайы, телефоны, факсы;

меншік түрі;

құрылтайшылары (бірлескен кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, серіктестіктер және т.б. үшін);

құрылған күні, тіркеу құжаттарының нөмірлері;

басқарушылар, лицензия алған кездегі өтініш берушінің өкілі;

қызметтің негізгі түрі, жұмыс тәжірибесі;

кәсіпорынның қаржы ахуалы және қаржыландыру көздері;

өтініш беруші кәсіпорынның немесе мердігердің техникалық,

технологиялық және ұйымдастырушылық мүмкіншіліктері;

жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстардың бағдарлы мақсаты (объектінің атауы, қысқаша геологиялық сипаттама, қорлары, бар пайдалы құрамдас бөліктердің орташа мөлшері);

сұралып отырған аумақтың кеңістіктік шекаралары, оның ауданы;

1942 ж. координаттар жүйесі бойынша бұрыштама нүктелерін көрсеткен геологиялық бөліністің жобасы;

геологиялық бөліністің картограммасы;

есептің мемлекеттік тіркеу нөмірі және өз қаражаттары есебінен өткізген жұмыстардың аудандар бойынша шығындары;

лицензия сұралып отырған мерзім;

геологиялық зерделеу кезеңінің ұзақтығы;

өндіру кезеңінің ұзақтығы.

5. Аумақты жылдар бойынша қайтару (2, 3, 4, 5 жылдық геологиялық зерделеуден кейін).

6. Жұмыстардың минималды бағдарламасы. Көзделіп отырған негізгі геологиялық және геофизикалық зерттеулердің заттай және ақшалай көріністерінің бірінші бес жылға жылдар бойынша аудан, учаске, блоктар, кен орындары бойынша көлемі.

7. Егер өтініш беруші бұрын жер қойнауын пайдалануға лицензиялар алған болса :

лицензиялар нөмірін ;

әрбір лицензия бойынша лицензия шарттарының орындалғанын: ақпараттар сатып алу, шарттар жасасу, нақтылы орындалғандардың ақшалай көрінісі, кәсіпкерлік оқуды қаржыландыру - көрсету керек.

8. Лицензиялық аумақты пайдалану және инфрақұрылымын дамыту жөніндегі өтініш берушінің ниеттері.

9. Жергілікті жұмыс күшін пайдалану және оқытуға деген шығындарының көлемі жөніндегі өтініш берушінің ниеттері.

ӨТІНІШКЕ ҚОСА ТІРКЕЛЕТІН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Жер бөлінісін облыс әкімшілігінің басшысымен алдын ала келісудің хаттамасы .

2. Лицензия алу құқығына деген конкурсқа қатысу үшін жарнаның төленгені туралы құжат (20 минималды жалақы мөлшерінде).

3. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

4. Жарғы көшірмесі.

5. Құрылтай Шартының көшірмесі.

6. Контрактілік аумақтың геологиялық бөлінісінің жобасы картограммасымен бірге.

7. Өтініш берушінің көзделген жұмыстарды орындау жөніндегі қаржы мүмкіншіліктерін растайтын құжаттар.

8. Өтініш берушінің көзделген жұмыстарды орындау жөніндегі техникалық, ұйымдастырушылық және басқарушылық мүмкіншіліктерін растайтын құжаттары.

9. Бұрын жер қойнауын және жер учаскелерін (әрекет етуші кәсіпорындар үшін) пайдалану құқығы берілгендігін растайтын құжаттардың көшірмелері.

М.О.

Кәсіпорын

басшысы _____

күні

5 Қосымша

Қазақстан Республикасының
Геология және жер қойнауын қорғау
министрлігі

_____ облысының _____
ауданындағы _____ кен
(кен орнының атауы)
орнында _____ өндіруге лицензия
(пайдалы қазбаның түрі)
алуға.

ӨТІНІШ

1. Өтініш беруші туралы мәліметтер:
кәсіпорын атауы;
реквизиттері;
мекен-жайы, телефоны, факсы;
меншік түрі;
құрылтайшылары (бірлескен кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар,
серіктестіктер және т.б. үшін);
құрылған күні, тіркеу құжаттарының нөмірлері;
басқарушылар, лицензия алған кездегі өтініш берушінің өкілі;
қызметтің негізгі түрі;
жұмыс тәжірибесі;

өтініш беруші кәсіпорынның қаржы ахуалы және жер қойнауын

пайдалану жөнінде көзделіп отырған жұмыстарды орындау мүмкіншіліктері;
қаржыландыру көздері;
өтініш беруші кәсіпорынның техникалық, технологиялық және
ұйымдастырушылық мүмкіншіліктері;
жобаның (есептің) атауы және оның мемлекеттік тіркеуінің нөмірі
(өтініш беруші кәсіпорын өткізген іздеу және барлау жұмыстарын

қаржыландырған жағдайда), қаржыландыру көлемі;

2. Жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстардың бағдарлы мақсаты:

өтініш берілген объектінің қысқаша геологиялық мінездемесі;
кен орнының негізгі және сонымен бірге жатқан пайдалы қазбалар бойынша қорлары. Кім, қашан және қандай категориялар бойынша қорларды бекітті, ГКЗ (ТКЗ, ЦКЗ) хаттамасының нөмірі;

жұмыстардың минималды бағдарламасы;
өндірудің жылдар бойынша көзделіп отырған көлемдері;
өндірудің басталуы;
кен орнын игеруге ұсынылған капитал салымдары;
қолданылған және кәсіпорын балансында есептелінген (әрекет етуші кәсіпорындар үшін) қорлардың өтініш берілген сәтке қарағандағы ахуалы бойынша саны.

3. Сұралып отырған территорияның кеңістіктік шекаралары, оның ауданы және орналасқан жері.

4. Техника-экономикалық көрсеткіштері: ТЭН кондициясы бойынша жаңадан енгізіліп отырған кен орындары үшін, пайдаланылып отырған кен орындары бойынша - соңғы үш жыл ішіндегі нақтылары техжобамен салыстыра отырып:

өнімділігі, техжоба бойынша;
игеру тәсілі - жерасты, ашық, кешенді;
игеру жүйесі, олардың техжоба бойынша арақатынасы;
техжоба бойынша шығындар;
сусыздандыру;
қайта өңдеу (қайта өңдеу сызбасы);
алынатын өнімдер және оның сапасы;
техжоба бойынша негізгі және жолай құрамдас бөліктерді алу;
өндірудің жоспарлы құны;
қайта өңдеудің өзіндік құны;
жалпы жылдық жұмсалатын қаражат;
жылдық өнімнің сатылу құны;
негізгі қорлардың (таукенкапиталды жөндеуді қоса) қалған құны;
айналым қаражаттары;
жер қойнауларын және жерді пайдалану үшін болатын төлемдер.

5. Лицензия сұралып отырған мерзім.

6. Өтініш берушінің лицензиялық территорияның немесе кен бөлінісі

ауданының инфрақұрылымын пайдалану және дамыту жөніндегі ниеттері; әрекет етуші кәсіпорындар үшін - ауданның инфрақұрылымын ұстауға, әлеуметтік қажеттіліктерге деген шығындары.

7. Өтініш берушінің жергілікті жұмыс күшін және оқыту шығындарының көлемін пайдалану жөніндегі ниеттері.

ӨТІНІШКЕ ҚОСА ТІРКЕЛЕТІН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Кен бөлінісінің жобасы, ал әрекет етуші кәсіпорындар үшін - кен бөлінісі Актісінің көшірмесі бұрыштама нүктелерінің координаттарын 1942 ж. координаттар жүйесі бойынша көрсетумен бірге, пайдалану тереңдігі. Кен бөлінісінің картограммасы.

2. Жер бөлінісін облыс әкімшілігінің басшысымен алдын ала келісудің хаттамасының көшірмесі немесе бұрын берілген жер қойнауларын және жер учаскелерін (әрекет етуші кәсіпорындар үшін) пайдалану құқығы берілгендігін растайтын құжаттардың көшірмелері.

3. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

4. Лицензия алу құқығын беретін конкурса қатысу жарнасының

төленгені туралы құжат (20 минималды жалақы мөлшерінде).

5. Жарғы көшірмесі.

6. Құрылтай Шартының көшірмесі.

7. Өтініш берушінің көзделген жұмыстарды орындау жөніндегі қаржы мүмкіншіліктерін растайтын құжаттар.

8. Өтініш берушінің көзделген жұмыстарды орындау жөніндегі техникалық ұйымдастырушылық және басқарушылық мүмкіншіліктерін растайтын құжаттар, егер өндіруге аттестат болса - аттестат N, өндіру күнін және кім бергенін көрсету керек.

М.О.

Кәсіпорын
басшысы _____

күні

6 Қосымша

ЛИЦЕНЗИЯНЫ КЕРІ ШАҚЫРЫП АЛУ ТУРАЛЫ
Ш Е Ш І М

(жұмыстың түрі, объектінің атауы)

барлауға, барлауға және өндіруге, өндіруге _____ берілген
(қажетінің астын сызу керек)

№ _____ сериялы _____ лицензияның міндетті шарттары
орындалмауына байланысты, атап айтқанда _____
(олқылықтар түрі)

Лицензия қайтарылып алынады.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар № 2828 Жарлығының 40 және 70 баптары негізінде Сіз жер қойнауын пайдалану құқығынан айырыласыз.

Сіздің жиырма күндік мерзім ішінде Лицензияны жер қойнауын пайдалану барысында алынған барлық геологиялық ақпаратпен бірге Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне тапсыруыңыз қажет.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
7 Қосымша

ЕСКЕРТУ. 7-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.22. № 578
қаулысымен.

(ұйымның атауы)

ТОҚТАТЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Х А Б А Р Л А М А

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті
Үкіметінің жұмыс органы ретінде, _____ ж. _____
Қазақстан Республикасы Үкіметінің N _____ қаулысына сәйкес
Сіздің сериясы МГ _____ N _____

(ұйымның атауы)

(қызмет түрі)

(объект атауы)

Лицензияның мынадай шарттарын бұзғаныңызды хабарлайды:

1. _____
2. _____

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар Жарлығының 38-бабының негізінде сериясы _____ N _____
Лицензияның күші _____ дейін тоқтатылады. Осы мерзім ішінде Сіз аталған баптарды бұзушылықтарды жоюыңыз және оларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарлауыңыз қажет.

Ескертеміз, сериясы _____ N _____ Лицензия олқылықтар жойылмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заң күші бар N 2828 Жарлығының 40 және 70 баптарына сәйкес қайтарып алынатын болады.

Премьер-Министрдің бірінші
орынбасары - Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің
төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК